

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды
ұйымдастыру және өткізу
ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Олимпиада) республикалық олимпиаданың жалпы білім беретін пәндер бойынша жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын барлық білім беру ұйымдарының оқушыларын, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, Қазақстан Республикасында білім берудің беделін көтеру.

3. Министрліктің бұйрығы негізінде Олимпиаданы дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін Республикалық ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Республикалық ұйымдастыру комитеті) құрылады. Республикалық ұйымдастыру комитетінің құрамына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі, төраға және тиісті құрылымдық бөлімшелер мен ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының жетекшілері енеді.

4. Олимпиаданың республикалық ұйымдастыру комитеті:

- 1) осы қағидамен белгіленген Олимпиаданың өткізілуін бақылайды;
- 2) Олимпиадаға басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 3) Олимпиаданы өткізудің қажетті ғылыми-әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету үшін пәндер бойынша әдістемелік комиссияларды қалыптастырады;
- 4) Білім және ғылым министріне немесе оның міндетін атқарушыға Олимпиаданың қазылар алқасы мүшелерінің құрамы және саны жөнінде ұсыныс береді;
- 5) Олимпиаданың қорытындысын талдайды;
- 6) Олимпиада материалдарын жариялайды.

5. Олимпиаданың бірінші-үшінші кезеңдеріне басшылық жасауды жүзеге асыру үшін мектепішілік, аудандық, облыстық (қалалық) ұйымдастыру комитеттері құрылады. Олардың құрамын тиісті білім беруді басқару органдары бекітеді.

6. Құрамына пәндер бойынша қазылар алқасының төрағалары енетін уәкілетті органмен бекітілген Әдістемелік кеңес:

1) Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерінің теориялық және эксперименттік тапсырмалары мәтінінің қазақ және орыс тілдеріндегі соңғы нұсқасын әзірлейді;

2) Олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу жөнінде әдістемелік ұсыныс әзірлейді;

3) әр пән бойынша Олимпиаданы өткізу кезеңдерінің түрін, тапсырмалардың үлгісін және бағалау өлшемдерін анықтайды.

7. Олимпиаданың республикалық кезеңінің пәндер бойынша қазылар алқасының құрамына төраға және мүшелер кіреді. Қазылар алқасының саны пәнге байланысты тақ саннан құралады (5 адамнан кем емес).

Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының төрағасы мен құрамын Республикалық ұйымдастыру комитетінің ұсынысы бойынша Министрлік бекітеді. Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының төрағасы мен мүшелері Олимпиаданың алдыңғы өткен кезеңдердегі қазылар алқасының құрамына ене алмайды.

Қазылар алқасы құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, тәжірибелі мұғалімдер және жоғары білікті білім беруді басқару органдарының өкілдері, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары енеді. Қазылар алқасының құрамына оқушылары Олимпиаданың облыстық және республикалық кезеңіне қатысатын мұғалімдер енгізілмейді.

8. Олимпиаданың республикалық кезеңінің қазылар алқасының төрағалары:

1) Әдістемелік кеңеспен бірлесе отырып, Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерінің теориялық және эксперименттік тапсырмалары мәтінінің соңғы нұсқасын әзірлейді және құрады;

2) орыс тіліндегі тапсырмалардың қазақ тіліне дәлме-дәл аудармасына, берілген тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, міндеттердің нақтылығына және олардың олимпиаданың тиісті кезеңі талабына сәйкестігіне жауап береді;

3) тиісті кезеңдері өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығына жауап береді;

4) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдері бойынша ұсыныс және пәндік олимпиадалардың регламенттерін (турлардың саны мен бағытын, әрбір турдың ұзақтығын, қажетті құралдардың тізбесін) әзірлеу жөніндегі қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады.

9. Олимпиаданың қазылар алқасы:

1) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды үшінші және төртінші кезең тапсырмаларының авторлық шешімімен және жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

2) қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

3) жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін бекіту үшін Министрлікке ұсынады;

4) Олимпиадаға қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді;

5) Республикалық ұйымдастыру комитетімен бірлесе отырып, оқу-жаттықтыру жиынына қатысушылар құрамын және халықаралық олимпиадаларға қатысушы кандидаттарды анықтайды.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

10. Олимпиаданы оқу жылы бойы 9-11 сынып оқушылары арасында әр жалпы білім беретін пән бойынша білім басқармасының тиісті органдарымен төрт кезеңде өткізеді:

1) бірінші (мектептік) кезең ағымдағы оқу жылының 30 қарашасынан кешіктірмей орта білім беру ұйымдарында ауданның (қаланың) білім басқармасы органдары дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі;

2) екінші (аудандық/қалалық) кезеңді аудандық немесе қалалық деңгейде ауданның (қаланың) білім басқармасының органдары өткізеді;

3) үшінші (облыстық) кезеңді облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі – РББҰ), "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі – НЗМ ДББҰ) және "Республикалық физика-математикалық мектебі" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "РФММ" КеАҚ) өткізеді";

4) төртінші (республикалық) кезең республиканың түрлі өңірлерінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді бөле отырып өткізіледі.

Қатысушылардың жұмыстарын Олимпиаданың барлық кезеңдерінде қазылар алқасы алдын ала шифрланған және сканерленген түрде ұсынады.

Қазылар алқасы мүшелерінің жұмыстарды бағалауы ұйымдастыру комитеті әзірлеген бағалау критерийлеріне сәйкес қамтамасыз етіледі.

Әр кезеңнің қорытындысы бойынша жұмыстарды бағалау нәтижелері ұйымдастыру комитетіне беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерін өткізу уақыты және Олимпиаданы өткізу тізбесі жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі - Министр) бұйрығымен белгіленеді.

Олимпиаданың екінші, үшінші және төртінші кезеңдерінің тапсырмаларын жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша республикалық әдістемелік кеңес (бұдан әрі – олимпиаданың әдістемелік кеңесі) дайындайды және "Дарын" республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – "Дарын" РҒПО) бекітеді.

13. Әр кезеңді өткізуден бір ай бұрын облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, "НЗМ" ДБҰ және РБҰ әр қатысушыға Олимпиада материалдарын дайындау үшін оқыту тілдеріне сәйкес әрбір пән және сынып бойынша қатысушылар саны көрсетілген өтінімді "Дарын" РҒПО-ға жібереді.

14. Барлық төрт кезеңнің тапсырмалары "Дарын" РҒПО бекіткен әдістемелік ұсынымдамаларға сәйкес өлшемдер мен параметрлер бойынша бағаланады.

15. Олимпиаданың бірінші және екінші кезеңдеріне орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушылары қатысады.

16. Алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Олимпиаданың үшінші кезеңіне екінші кезеңнен іріктеліп алынған жалпы орта білім беру ұйымдарының ең үздік үш оқушысы, Астана және Алматы қалалары, "НЗМ" ДБҰ және РБҰ үшін – алты оқушы қатысады.

18. Олимпиадаға қатысу үшін тиісті деңгейдегі білімі бар қатысушылар жоғары сыныптардың бағдарламалары бойынша жіберіледі.

19. Олимпиаданың төртінші кезеңіне нәтижелеріне сәйкес, әр пән және сынып бойынша екі қатысушыдан артық емес жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша 10-11 сынып оқушылары, сондай-ақ олимпиада резервінің оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар жіберіледі.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің әрбір қатысушысы тапсырмаларды орындау үшін жеке жұмыс орнымен, дәптермен және/немесе "Дарын" РҒПО мөртабаны бар қағазбен, оқу тіліндегі тапсырмалар мәтінімен қамтамасыз етіледі.

Олимпиаданың төртінші кезеңі аяқталған соң қатысушылардың жұмыстарын бағалау нәтижелері "Дарын" РҒПО интернет-ресурсында және өткізу орындарында 1 сағат (60 минут) ішінде орналастырылады.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің қорытындысы шығарылғаннан кейін қатысушылар жұмыстарының сканерленген көшірмелері "Дарын" РҒПО интернет-ресурсында қатысушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетілмей орналастырылады.

Олимпиаданың төртінші кезеңінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету үшін оны өткізу процесі онлайн режимінде қарау үшін бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Үшінші кезеңді ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың республикалық кезеңіне тиісті командаларды қатыстыру үшін өтінімді "Дарын" РҒПО-ға ағымдағы оқу жылының 25 ақпанына дейін жіберуі қажет.

21. Олимпиаданың төртінші кезеңіне қатысатын облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, "НЗМ" ДББҰ, РББҰ және "РФММ" КеАҚ командаларын Олимпиада барысында жалпы білім беретін пәндерді оқыту проблемалары бойынша семинарларға, пікірталастарға қатысатын, олимпиадашыларды дайындау бойынша тәжірибе алмасатын мамандар, әдіскерлер, сондай-ақ мұғалімдер алып жүреді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Команда жетекшісі Олимпиадаға қатысушылардың Олимпиада өтетін жерге әкелу және тұратын жеріне қайту жолындағы, Олимпиада барысындағы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

23. Жұмыстарды бағалауда барынша әділдікті қамтамасыз ету үшін әрбір турдан соң Олимпиадаға қатысушылардың барлығымен тапсырмалар талқыланады. Тапсырмаларды талқылаудан кейін қатысушылардың тілегі бойынша жұмыстарды үйлестіру жүргізіледі. Үйлестірудің мақсаты - жұмыстарды бағалауда Олимпиадаға қатысушылар мен қазылар алқасы мүшелері арасында толық өзара түсіністікке қол жеткізу.

24. Үйлестіруді қазылар алқасының төрағасы және тапсырманы бағалаған қазылар алқасының мүшелері тікелей Олимпиадаға қатысушымен өткізеді.

25. Олимпиадаға қатысушы қазылар алқасының бағасымен келіспеген жағдайда, үйлестіруге бөлінген мерзімде ұйымдастыру комитетінің төрағасына өтініш білдіреді, төраға осы мәселені шешу жөнінде мамандар қатарынан тиісті комиссия құрады.

26. Екінші және үшінші кезең жұмыстарын үйлестіру Олимпиаданың тиісті кезеңі, республикалық кезең аяқталғаннан кейін бір күн ішінде - Олимпиада нәтижелері жарияланғаннан кейін 5 сағат ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 15.03.2019 № 114 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қорытынды ереже

27. Мектепшілік, аудандық және облыстық (қалалық) олимпиадалардың жүлдегерлері білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың дипломдарымен, грамоталарымен және жүлделерімен марапатталады.

28. Олимпиаданың төртінші кезеңінің жеңімпаздар саны әр пән және сынып бойынша Олимпиаданың төртінші кезеңіне қатысушылар санының 45%-ын құрайды.

Олимпиаданың әр кезеңінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Олимпиаданың республикалық кезеңінің I, II және III дәрежелі дипломдар саны мына үйлесімдікпен анықталады: III дәрежелі дипломдармен жеңімпаздардың 50 %-ы, II дәрежелі дипломдармен 30 %-ы, I дәрежелі дипломдармен 20 %-ы марапатталады.

29. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төмен деңгейге сәйкес бірдей балл санын жинаған жағдайда, жүлдегерлер саны қазылар алқасының шешімімен көбеюі мүмкін.